

Ақтоғай ауданының ауылдық округтері аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындарды белгілеу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 336 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 13 қаңтарда № 4263 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы N 3 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақтоғай аудандық әкімдігінің 21.01.2016 N 3 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңының 8, 27-баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 сәуірдегі № 371 қаулысымен бекітілген Ішкі сауда ережесінің 120-тармағына сәйкес Ақтоғай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сауда қызметі субъектілерінің Ақтоғай ауданының ауылдық округтері аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына міндеттелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Батырғұжинов

Аудан әкімдігінің 2014
жылғы "24" желтоқсандағы
№ 336 қаулысына
қосымша

Ақтоғай ауданының ауылдық округтері аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін орындардың тізбесі

№	Ауылдық округ атауы	Орналасу орны	Саны
1	2	3	4
	Ақтоғай ауылдық	Ақтоғай ауылы, орталық базар	1

округі	Приреченск ауылы, Мир көшесіндегі алаң (автобус аялдамасы жанында)	1
Әуелбек ауылдық округі	Әуелбек ауылы, Мир көшесіндегі алаң (ауылдық клуб ғимаратының жанында)	1
Басқамыс ауылдық округі	Басқамыс ауылы, Ленин көшесіндегі алаң (мешітке қарама-қарсы)	1
Жалаулы ауылдық округі	Ивановка ауылы, Садовая көшесіндегі алаң (автобус аялдамасы жанында)	1
Жолболды ауылдық округі	Жолболды ауылы, Коммунистическая көшесіндегі саябақтағы алаң	1
Қараоба ауылдық округі	Қараоба ауылы, Пушкин көшесіндегі алаң (пошта ғимаратының жанында)	1
Қожамжар ауылдық округі	Қожамжар ауылы, Садовая көшесіндегі алаң (балалар аланының жанында)	1
Мүткенов ауылдық округі	Мүткенов ауылы, Шарапиденов көшесіндегі алаң ("Нұр" кафесі жанында)	1
Разумов ауылдық округі	Андрияновка ауылы, Драганов және Мир көшелері қиылысындағы алаң (автобус аялдамасы жанында)	1
Харьков ауылдық округі	Харьков ауылы, Пионерская көшесіндегі алаң (бұрынғы пошта ғимаратының жанында)	1
Шолақсор ауылдық округі	Шолақсор ауылы, 8 Март көшесіндегі алаң ("Вита" дүкенінің жанында)	1
Барлығы:		12